Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 289-290

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУСЫЛ АУРУЫНЫҢ ТАРАЛУ ЖАҒДАЙЫ

Нысанбаева Ж.Т.

Малшаруашылығын көтеру жағдайы және халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің маңыздылығының бірі жұқпалы аурулардың екпінділігін төмендету және жою болып табылады. Қазақстан Республикасында осы уақытқа дейін аса қауіпті аурулардың әлеуметтік экономикада маңызы зор болып тұр, бұндай індеттердің бірі аусыл. Осыған байланысты, 2012 жылы Республика аймақтарына осы аурулар бойынша эпизоотиялық мониторинг жүргізілген.

ҚР аумағында аса қауіпті инфекция – аусыл бойынша қалыпты жағдай жасау және биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсарту мен ұлттық қауіпсіздікті нығайту үшін маңызды болып табылады.

Зерттеу жұмыстарымыз ҚР АШМ Ветеринарияны қадағалау және Бақылау Комитетіне қарасты «Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталық» Мемлекеттік Мекемесінде жүргізілді.

Аусыл ауруының Қазақстан Республикасы аумағында 1955 – 2012 жылдар аралығында 5255 аусыл ауруының таза емес пункт ошағы тіркелген. Негізінен пункттер Қазақстан аумағының оңтүстік-шығыс, орталық және солтүстік-батыс өңірлерінде тіркелген.

Қазақстан Республикасында ауылшаруашылық малдарының аусыл ауруына таза емем ошақтарын тіркеп талдау жасасақ, 1955 – 2012 жылдар кезеңі ішінде ең жоғарғы көрсеткіш 1955 жылы байқалады, содан 1959 жылға төмендейді. Таза емес ошақтардың ең жоғарғы деңгейі 1963 жылы – 508, 1964 жылы – 350 және 1972 жылы – 115 тіркелген. Өткен жүз жылдықта аусыл ауруы анда-санда, әрі қарай төмендей келе 2000-2012 жылдарға дейін індеттің өшуі байқалады.

2012 жылдың басында аусыл індеті Алматы (Жамбыл ауданында) және Жамбыл (Мойынқұм, Қордай аудандарында) облыстарында тіркелді. Алматы облысы Жамбыл ауданында тіркелген аусылдың вирусы Ақтерек ауылдық округінде – 124 бас, Дегерес ауылдық округінде – 5 бас, Қаракесек ауылдық округінде – 395 бас, Шолаққарғалы ауылдық округіндегі Болашақ шаруашылығында-да 106 бас ірі қарадан «ВҰРО» ММ – нің мамандарының анықтаған О типті аусыл вирусының антигені табылды.

2012 жылы ақпан айының аяғында Алматы облысындағы Жамбыл ауданындағы Үшбұлақ ауылынан аусыл шығып, 1062 қой-ешкі мен 367 сиыр жойылды.

Қазақстан Республикасының аумағында 2012 жылы аусыл бойынша 10 қолайсыз пунктер тіркелді.

Аусылдың пайда болуының негізгі себебі – ауру немесе ауырып жазылған ұсақ және ірі қара малдарды буферлі зонадан қолайлы зонаға тасымалдауы, және де бұл ауру бойынша қолайсыз көрші Қытай және Қырғыстан елдерден тасымалдау болып табылады.

Шығыс Қазақстан және Алматы облысында анықталған аусыл вирусының О типінің дендограммасы вирустың геномы қытайлық вирысының геномына тұқымдас

екендігін көрсетеді. Жамбыл облысында анықталған аусыл вирусының А типі дендограммасы шығу тегі қырғыздық екенін көрсетеді.

Аусыл вирусына кеңістік-уақытты талдау жүргізу үшін 2000-2012 жж. мерзіміндегі қолайсыз пунктардың мәліметтері қолданылды. Талдаудың есебіне қолайсыз пунктердің көлемі, ошақтың пайда болу күні, қолайсыз пунктердің үлесі, эпизоотиялық индекс сияқты мәліметтер енгізілді. Нәтижесінде келесі қорытынды алынды: эпизоотиялық жағдайдың жоғарғы дәрежелі зоналары Жамбыл облысының көпшілік аумағында, Алматы облысының батыс және оңтүстік-батыс аумағы, Шығыс Қазақстан облысының орталық және оңтүстік аумағы. Эпизоотиялық жағдайдың орташа дәрежелі кернеуліктегі зонаға Оңтүстік Қазақстан облысының орталық, шығыс және солтүстік аумақтары, Алматы облысының орталық, шығыс және солтүстік аумақтары, Шығыс Қазақстан облысының батыс аумағы, Қарағанды облысының орталық және оңтүстік аумақтары жатады. Эпизоотиялық жағдайдың төмен дәрежелі кернеуліктегі зонаға Қызылорда облысының батыс аумағы, Қарағанды облысының солтүстік және шығыс аумақтары, Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстарының батыс аумақтары, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының шығыс және орталық аумақтары жатады.

Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне ең үлкен қауіп, көрсетілген ауру бойынша Қытай мен Қырғызстан елдерінің таза еместігі көнілге күдік ұялатады. Қырғызстан аумағындағы аусыл ауруының тұрақты жағдайда болмауы, малдарды заңсыз сату, «ащы шекара» ұғымы мен карантиндік шараларды жетілдірмейінше біздің еліміздің оңтүстік облыстарына індеттің кіруі қаупін төндіреді.

Қазақстанда 2012 жылда жоғарыда көрсетілгендей, аусылдың ошағының тұтану жағдайы Алматы, Жаңбыл және Шығыс-Қазақстан облыстарында кездеседі. 2012 жылы серомониторинг үшін еліміздің барлық облыстарынан ИФТ әдісі мен аусылдың вирусынан құрылымсыз антидененің бар екендігіне анықтау жүргізілді.

2012 жылы ММ «ҰРВО» 86005 серологиялық зерттеулер жүргізіліп, оның 6738 оң нәтиже көрсетті. ІҚМ және ҰҚМ алынған сынамаларды иммуноферментті тестілеу көмегімен (ИФТ) және басқа да серологиялық зерттеу әдістерімен жүргізілді (РБС, КБР, АР, ИХА).

Негізгі сынамалар аусыл ауруына келеді, зерттеуге 74 385 қан сары суы, оның ішінде 5 204 сынама оң нәтиже көрсетті, яғни 6,99% оң нәтиже берді.. Имуноферментті тестілеу әдісімен аусыл вирусының А, О, Азия-1 типтеріне (жиынтықты өндіруші ФГУ «ВНИИЗЖ», Ресей, Владимир қ-сы) «ВҰРО» ММ есептік кезеңінде келіп түскен сынамалардан аусыл вирусының О типі Алматы обласынан, А типі Жамбыл облысынан және О типі Шығыс Қазақстан облысынан анықталды.

Аусыл ауруының вирусына қауіпті деген көршілес елдерден індеттің енуі әлі де сақталып отыр. 2012 жылы Оңтүстік-Шығыс және Шығыс Азия елдерінде аусыл ауруының эпизоотикалық жағдайы әлі де асқынуда.

Ғылыми жетекшісі в.ғ.д., профессор С.Қ.Әбдірахманов